

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
комерциялық емес акционерлік қоғамы**



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы – Ректор

А. Күрішбаев

2024 ж.

**Дарынды білім алушыларды қолдау туралы
ЕРЕЖЕ**

Е ҚазҰАЗУ ДБАҚ - 402

Келісілді

Сапа бойынша басшылық өкілі

М. Алексеева

Алматы, 2024

Дайындағандар:

П Ибрагимов, А Абдыров, А. Ералиева, А.Сманов

Осы Ереже дарынды білім алушыларды қолдаудың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі бағыттары мен шараларын айқындайды.

Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Дарынды білім алушыларды қолдаудың мақсаттары мен міндеттері.....	4
3. Ережені іске асырудың негізгі бағыттары.....	5
4. Дарынды білім алушыларды қолдау шаралары.....	5

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Дарынды білім алушыларды қолдау туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Университет) дарынды білім алушыларды қолдаудың тәртібін, шарттары мен көлемін белгілейді.

1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының Тұжырымдамасы, «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын студент жастарды патриотизм көрсеткені және белсенді азаматтық ұстанымы үшін марапаттау қағидалары», сондай-ақ Университет жарғысы негізінде әзірленді

1.3 Бұл Ережедегі дарындылық - университетте оқыған кезінде білім алушының бір немесе бірнеше қызмет түрлерінде қандай да бір қабілеттерінің дамуының жоғары деңгейінің тұрақты түрде байқалуы.

1.4 Дарынды білім алушылармен жұмыс зияткерлік, физикалық, көркемдік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған.

1.5 Ереже білім алушылар бірінші курсқа қабылданғаннан бастап олардың бүкіл оқу мерзімі ішінде қолданылады.

2. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДАРЫНДЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ҚОЛДАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Ереженің негізгі мақсаттары:

- университетте дарынды білім алушыларды анықтау, қолдау және дамытудың тұтас жүйесін құру;

- студент жастарды тәрбиелеу және оқыту стратегиясын анықтау;

- дарынды білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, олардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, болашақ кәсіби мансапты жобалауға көмек көрсету үшін тиімді әлеуметтік-білім беру ортасын нығайту.

2.2 Мақсаттарға қол жеткізу үшін алға қойылатын міндеттер:

- заманауи ғылыми және педагогикалық жетістіктерді кеңінен қолдану негізінде дарынды білім алушылармен жұмыста білім беру және тәрбие қызметтерінің сапасын арттыру;

- отансүйгіштік, білім, адамгершілік, отбасы, халық бірлігі, заңға бағынушылық, еңбексүйгіштік, денсаулық құндылықтары негізінде студент жастардың дүниетанымын қалыптастыру, университеттің қоғамдық-саяси өміріне саналы, жауапты және белсенді қатысуын ынталандыру;

- дарынды білім алушыларды материалдық қолдау мен әлеуметтік қорғауды дамыту;

- дарынды және қабілетті білім алушылардың республикалық, халықаралық конференцияларға, шығармашылық конкурстарға, көрмелерге, олимпиадаларға,

жарыстарға, форумдарға, оның ішінде онлайн-режимде қатысуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту;

- студент жастардың инновациялық және кәсіпкерлік белсенділігін дамытуға ықпал ету.

3. ЕРЕЖЕНІ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Ережені іске асырудың негізгі бағыттары:

- дарынды студент жастармен жұмысты жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау;

- дарынды білім алушыларды зияткерлік және шығармашылық қызметке неғұрлым тиімді тарту үшін іс-шараларды іске асыру,

4. ДАРЫНДЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

4.1 Жалпыуниверситеттік мәдени-бұқаралық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқаны үшін университеттің мерейтойы, мемлекеттік мерекелерге орай дарынды білім алушыларды сыйақымен немесе бағалы сыйлықтармен марапаттау.

4.2 Халықаралық, республикалық олимпиадаларға, фестивальдерге, конкурстарға, спорттық жарыстарға, турнирлерге және т.б. қатысушы білімалушылардың шығыстарын қаржыландыру.

4.3 Үздік ғылыми жобаны, стартап-жобаны әзірлеуге белсенді қатысқан білім алушыларға сыйақымен марапаттау.

4.4 Шығармашылық конкурстардың, «Жылдың үздік студенті» конкурстарының, КВН факультетаралық ойындарының, дебаттық турнирлердің, спартакиаданың, жарыстардың, фестивальдердің, байқаулардың және басқа да конкурстық іс-шаралардың жеңімпаздарын сыйақымен немесе бағалы сыйлықтармен марапаттау.

4.5 «Ыстықкөл» жағалауындағы пансионатқа, жазғы жастар лагерлеріне жолдама беру.

4.6 Театр қойылымдарына, концерттерге, мұражайларға және т. б. билеттер ұсыну.